

Бекітемін  
№77 «Қошақан» балабақшасы  
меңгерушісі  
\_\_\_\_\_Л.Г.Рахменова  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_2025ж

**«Музыкалық іс-әрекет арқылы баланы  
дамыту» үшін не істейміз? авторлық  
бағдарламаның жобасы.**

Құрастырушы: Жанабергенова М.С.

Астана 2024ж

## ХАТТАМА №

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж.

Астана қаласы

Осы орайда балбақшамыздың меңгерушісі Л.Г.Рахменова сөз алды: Білім беру ұйымындарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу тәртібін негізге ала отырып білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізгі ережелерін ескере отырып жобалық білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажет.

Осы орайда «Музыкалық іс-әрекет арқылы баланы дамыту» тақырыбында әдістемелік құрал дайындауымыз керек, сондықтан музыка-жетекшісі М. Жанабергеноваға тақырып бекітілсін.

| № | Тақырып                                    | Жауапты музыка - жетекшісі |
|---|--------------------------------------------|----------------------------|
| 1 | «Музыкалық іс-әрекет арқылы баланы дамыту» | Жанабергенова М.С.         |

**Балабақша әіскері сөз алды:** жобалық білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажет: 1) Мақсат, мазмұны және оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру құрылымы; 2) педагогикалық және педгогтер, кәсіби даярлау және қайта даярлау; 3) жобаның жұмыс істеу және дамыту режимі т.б. кезендерден тұрады,. **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурызындағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы 2-тарауымен толық танысып шығуларыңызды сұраймын.**

Педагог толығымен дайындайды және оған (оларға) зияткерлік құқығы беріледі. Бұл не алғаш рет енгізілетін курсты, не автордың дәстүрлі тақырыпты өзіндік тәсілмен оқыту бағдарламасы. Мұндай бағдарлама мазмұны – жаңашылдығымен және өзектілігімен ерекшеленетін білім беру проблемаларын шешуге ұсынылған құралдар жиынтығы. Авторлық жоба болуы мүмкін, бірақ міндетті түрде жаңалығы мен авторлығы құжат бойынша дәлелді болуы қажет.

**Шешім:** Жоба жоспары бойынша жұмыстар жалғасын тауып, музыка жетекшісі берілген тақырып бойынша жұмыстар жүргізсін.

**«Музыкалық іс-әрекет арқылы баланы дамыту» авторлық  
бағдарламаның жобасы**

**Кіріспе**

Астана қаласы

№ 77 «Қошақан» балабақшасы

Музыка адамның жан дүниесін тебіренге отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді. Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық тәрбие – талғамдық, эстетикалық тәрбие беру ісінің негізгі саласы болып табылады. Эстетикалық тәрбиелеу мәселелерін мектепке дейінгі жастағы балаларға Құлжанова Н., Меңжанова К., Меңдаяқова Қ.М., Левченко Т.А., Жұмабекова Ф.Н. және т.б. зерттеген. Мектепке дейінгі балалар білім берудің барлық деңгейлерінде жалпы өмірде табысты болып келетіндіктен, білімді тез қабылдап, мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту мен тәрбиелеу үдерісі оларды алғашқы біліммен қаруландырып, қоғам талабына сай тұлғаны қалыптастырудағы алғашқы негіз болады. Сонымен басты мақсат – біртіндеп түрлі музыкалық іс-шараларды меңгерту арқылы баланың бойындағы түрлі табиғи талабын дамыту.

**Бағдарлама мақсаты:** Әр түрлі музыкалық іс-әрекеттер арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту.

**Міндеттер:**

- Балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету
- Музыка, әуен арқылы балалардың тілін дамыту;
- Баланың қиялын дамыту.
- Мектепке дейінгі жаста музыканың маңызын көрсету
- Балаларды біріктіріп ән айтуға үйрету
- Балалардың бойынан қызығушылығын қалыптастырып, дамыту.

**Түйінді идеялар:**

- Балалардың музыкалық деңгейлерін анықтау үшін түрлі диагностика жасау.
- Музыка баланың білім-білік дағдысын қалыптастыратын тәрбие құралы ретінде қарастыру.
- Баланың бойындағы ойлау әрекетінің ерекшеліктері
- Баланың сыни тұрғыдан ойлай білуі
- Баланың коммуникативтілігі

**Күтілетін нәтижесі:**

- Балалардың музыкалық іс-әрекетке белсенділігі артқан.
- Тәрбиеші өзінің дидактикалық жыйнағын шығарады.
- Тәрбиеленушілер қоғам талаптарына сай әлеуметтенеді
- Балабақшаңың іс-тәжірбиесіне жаңа аспаптық ойындарға арналған идеялар қолдана бастайды.
- Музыка жетекшісінің шеберлігі артады.
- Жүйелілік қалыптасады
- Балабақшаның материалдық базасы нығаяды.

Музыка дегеніміз жалпы адамның дүние тану рухани сезімінен әсер ететін көңіл-күйді ұштайтын ғажайып күй.

Музыка біздің өміріміздің бір бөлігі. Сан алуан әуенге, алуан дыбысқа кернеп тұрғандай, айнала алуан дыбысқа толы. Біздің әрбір күніміз музыкамен, әнмен басталады. Музыканың адамның жан дүниесіне тигізетін пайдасы орасан зор. Біз музыка аясында өмір сүреміз. Ол біздің жан серігіміз. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгенде ақ еститін құлағымызға жағымды үн ол анамыздың әлдиі, ол бесік жыры. Осы бесік жырын тыңдап өскен әр сәби мейрімді, қайырымды, иманды болып өседі. Баланы жастайынан музыкаға баулу оның бойына өнерді сіңіру ол біздің парызымыз. Музыка бала өміріндегі ең бір әсерлі бай эстетикалық тәрбие құралы, оның аса үлкен эмоциялық әсері бар ол баланың сезімін тәрбиелейді таным талғамын қалыптастырады.

«Өзін –өзі тану» бағдарламасы баланың өміріне көп пайдасын тигізеді. Өзін-өзі тану бағдарламасының

ерекшеліктерінің бірі, бұл баланы адамгершілікке, имандылыққа мейрімділікке, шынайылыққа және өсіп келе жатқан жас өспірімдердің оқу мен білімді дамытуында үлкен жол ашады.

«Өзін –өзі тану» бағдарламасы бойынша баланың өнерге деген ұғымында

«Өнерді тануың-өмірге деген көз қарасың», «Өнерді білсең өрлейсің» деген сияқты баланың өнерге деген көз қарасын ашу, жан-жақты болуға талпындыру.

Музыка баланы толғандырады, есту тыңдау қабілеттерін оятады.

Мінекей, осыған байланысты бір өлең жолдарының маңызы мысал болады.

Ананың тілегі сәби сырмен

Әлдилейді әніменен бесік жырымен

Ақ бесікте тербетіп ақ баласын

Періштені әлдилейді тәтті үнмен

Дей келе осы бір өлең жолдарының астарында үлкен бір мағына жатыр. Тіпті құндақтаулы нәрестенің өзі де анасының әлдиін естіп терең тәтті ұйқыға кетеді.

Әрине өнерді қадірлеу, оны құрметтеу қасиетін бағалай біліу, бұл үміткердің мәдени музыкаға деген ынтасы мен қызығушылығы.

Мінекей еліміз егемендігін алып, төбемізден жарқырап ел басымыздың халыққа жолдауымен Елу ел қатарына қатарына қосылу көзделіп

отырғандықтан ,осыған орай келешегіміздің болашағын ойлау,даңқымызды көтеру бұл келешек біздер үшін яғни педагогтар үшін алдымызға қойылған міндетті іс.

Адамдардың өмірге деген көз қарасын және сенімін қалыптастыру,адам өмірінде өз жолын дұрыс таба білуін,айналасына білім –тәрбие ұрығын шашып,адамгершілік нұрын төгетін бұл оқытушы азаматтарымыз екенін есте ұстағанымызы жөн. «Өнерде,даналықта егер оны үйренбесе қолға түспейді»- дейді.Мінекей сондықтан да менің музыкаға деген қызығушылық әсерімнен туындайтын көз қарасты,осы жас ұрпаққа үйрету,музыкалық шығармашылығын кеңейту. Бүлдіршіндерді әсемдік әлеміне неғұрлым жақындатып баулу, ол балабақшадан басталады,осы тәрбие алып жатқан жас ұрпақтың арасынан сантүрлі әншілер,бишілер өнерадамдары шығады.«Бұлақ көрсең, көзін аш » демекші баланы музыкаға қызықтырып сол арқылы тәрбие беру.

Балалардың бойына дарыған дарындылық қасиеттерін дамыту.Келешектегі осы өнердің үлкен жолына түсіп өнердің алды болуына тәрбиелеу.Сондай ақ баланы жастайынан ішкі жан дүниесімен,дене бітімінің процестерінің дамуына,өмірге деген эстетикалқ көз қарасты үйлесімді ұштастыру.Өнерді танып ақыл ойлы парасаттарын терең сезіндіре балаларды эстетикалық эмоцияналдық,образдық әр түрлі шығармалармен таныстыра отрып,баланы баулу.

Жалпы адамдар арасынан туындайтын қарым қатынас туралы түсініктер беру.Мен өскенде кім болам?-әрине әнші ,биші,күйші,ақын,сол сияқты үміткер.Неліктен деген сұрақтар туындайтын болса,өйткені мен көп ізденемін,үміттенемін және сенімдімін,деген сияқты.

Ән-күй іс әрекетінде «Өзін-өзі тану»бағдарламасы бойыншаәрекетте жан-жақты дамыту,эмоцияналдық сезімдерін терең ояту,дарындық шеберліктеріне неғұрлым шеберліктер туғызу,және баламен жеке жұмыстар жасап баланың музыкалық қабілетін кеңінен ашу.(Ән айту,музыка тыңдау аспаптарды ойнауды,түрлі музыкалық ойындар ойнауды,ертегілер бейнесін сахналау).

Сондай- ақ баланың ақыл ой өрісін дамытып,ой қиялын ашып творчестволық көрністерін барынша ашу.

«Өзін-өзі тану»бағдарламасы бойынша ән-күй іс әрекетінің ең басты керекті ерекшелік сипат,балалардың білімдерін толықтыру,ән айту,би билеу қабілеттерін жетілдіру,әсемділікке тәрбиелеу,эмоцияналдық қабілеттерін ашу

Сондай ақ еңбек сүйгіштікпен,адалдыққа өз-ара көңіл бөлу,сонымен қоса әр баланың жас шамасына сай методикалық әдістемелерді қолдана білу .

«Өзін-өзі тану»-бағдарламасы бойынша музыкалық тәрбие берудің өзі

«Оқу инемен құдық қазғандай» оқуды талап етеді.

Әрине «Өнерді үйрен де жирен»-деген өнерге байланысты ұлы сөздер бар.

«Өнердің өрісі ұзақ»

«Өнерлінің қолы алтын-Өлеңшінің сөзі алтын»-дегендей терең сырлы мағыналы сөздер.

«Өзін-өзі тану-өзінді тану»тақырыпқа байланысты білім беру тарапынан методикалық оқу әдістемелерінің іс ірекеттен тыс жеке жұмыстар ойластырып,әр баланың қабілетіне көңіл бөле отыра оның музыкалық ынтасына деген қабілеттерін толықтыру.Әр баламен жекелей және де үйірме жұмыстарын жүргізіу.Міне өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу білімді жан-жақты етіп тәрбиелеу ол біздің алдымызға қойған үлкен мақсатымыз деп білем.

Баланың жан-жақты болып өсуінің басты мақсаты музыка тәрбиесіне байланысты. Осыған орай балалар бақшасындағы музыка іс-әрекетіне көп көңіл бөлінеді.

Музыкалық тәрбие дегеніміз- музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру- музыкалық ынтасын, қабілетін, музыкаға эстетикалық көз қарасын қалыптастыру деген сөз. Музыка- тілмен жеткізе алмайтын, адамның тереңде жатқан нәзік сезімнің құралы. Атамыз Абай, «Құлақтан кіріп, бойды алар. Әсем ән мен тәтті күй» десе Л.Н. Толстой, «Жақсы музыка- көңіл күйдің жан сезімнің шежіресі»- деген.

Н.К.Крупская: «Балаға музыка арқылы өзінің ойлары мен сезімдерін тереңірек түсінуіне, айқынырақ ойлап, тереңірек сезінуіне көмектесу қажет...» деп өнердің жеке адамды тәрбиелеудегі маңызын айтқан екен.

Мектепке дейінгі балалық шақ — бөбекті әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен араластыратын кезең. Эстетикалық тәрбиенің жарқын құралдарының бірі — музыка. Баланы жан-жақты, әрі үйлесімді дамыту музыканың атқаратын міндеті. Музыка осы маңызды міндетті орындау үшін балада жалпы музыкалық қабілетті дамыту керек.

Бала музыканы тыңдап отырғанда, көркем образды әнді, ойынды көз алдына елестете отырып, өзінше қабылдайды. Мысалы: маң-маң басқан аю, үркек қоян т.б.

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Оның ықпалы үгіттеуден де, нұсқаулардан да анағұрлым күшті болады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы

айтқан балалардың әндерінен өз елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болды. Баланың музыкалық ерекшеліктерді айыра біледі және оларды есіне ала отырып, музыканы тыңдағанда, ән мен би қимылдарын орындағанда белгілі бір образға сай қимыл жасайды.

Ән арқылы бала өзінің қоршаған ортаның жан-жақты сезініп, оның рухани байлығын түсінеді. Ән орындаудағы балаға қойылатын талаптардың ішінде, оның шығармашылық деңгейін арттырудағы әнді таза айта білуге, эмоцияналыды жағдайы, есту, сезу қабілеттерін қалыптастырады.

Ырғақты музыкаға қосылып отырып-тұру, басын шайқау, бір аяқпен екінші аяққа кезек басып шайқау, бір аяқпен екінші аяққа кезек басып иілу қозғалыстарын орындайды.

Көркем шығарманы қабылдауы мен музыкаға ықыласының, қиялының қызығушылығы мен білуге құштарлығының күрт артуы байқалады. Бұл баланың қабілеті мен талантын анықтауға мүмкіндік береді.

Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, музыкалық шығармашылық әрекеттер түрінде эмоциональдық қатынасын білдіруге талпындыру жолында кейбір музыкалық мәнерлілік құралдары туралы музыкалық қабылдау ұғымдарын қалыптастыру бағыттары болады.

Музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажыратуға үйрету. Даңғырлатып ойнайтын оркестрге қатыстыру.

Би қимылдарын орындауға, музыкалық ойын әрекеттеріне талпындыру.

Түрлі сипаттағы музыкалық шығармаларды ажыратуға, кейбір балаларды композиторлардың шығармаларын айтуға үйрету.

Сазды әуенмен күшенбей, мәнерлі табиғи дауысымен ән айтуға үйрету.

-Адамгершілік –эстетикалық сезімге тәрбиелеу.

Ән тыңдау: үйрету жолдары.

-Түрлі сипаттағы (көңілді көңілсіз, жылдам, баяу) музыкалық шығарманы қабылдауға үйрету.

-Музыкалық шығарманы аяғына дейін тыңдау, шығарманың бөлімін ажырату, музыканың сипатын анықтау іскерлігін дамыту.

— Әнде не туралы айтылғанын әңгімелеу іскерлігін дамыту.

— Музыкалық аспаптардың (Асатаяқ, домбыра, қобыз, барабан, сылдырмақ, дабыл және т.б. ) ажырату іскерліктерін дамыту.

-Музыкалық шығармалар мен олардың жанры туралы ұғымдарын қалыптастыру.

-Дыбыстардың биіктігі, дыбыстау ұзақтығы, ырғақ пен тембр туралы ұғымдарын қалыптастыру.

Ән салу:

-Жеке және хормен ән айту, дыбысталуын созып, дауыс ырғағын таза келтіріп айту дағдыларын қалыптастыру.

-Бір қарқында (жылдам-баяу) бірдей дыбыстау күшімен (қатты-ақырын) ән айтуға үйрену.

-Түрлі сипаттағы әндерді орындауды қолдану, секірмелі және әдемі сазды қарқынмен дауысты бере білуге үйрету.

-Табиғи дауыспен ән салуды, күштенбей, сөзі мен дыбысты таза және анық айтуын қадағалау.

-Кіріспе музыкадан кейін әнді бастауға, музыкалық сөздің арасында тыныс алуға, әнді бір уақытта бастап аяқтауға, сазды дұрыс бере білуге, әннің аяғын саздылық етуге үйрету.

-Кварта аралығында, музыка сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән салу.

-Дыбыстарды биіктігі бойынша (октавашегінде) ажырату, басы мен аяғын сезіну.

-Балалар композиторларының шығармаларын, халық музыкасын, бағдарламалық шығармалар мен олардың авторларының аттарын атап, тани білуге үйрету.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар:

-Жаттығулар, ойындар, хороводтар, билер, би шығармашылығы.

-Мектеп жасына дейінгі балалар қызметінің негізгі түрі, оған хороводтар, сюжеттік-рөлдік әндер, қимыл ойындары енеді.

Музыканың түрлі бөліктерін: ән бастамасы, қайырмасын ажыратуға үйрету.

-Би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға талпындыру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:

Үлкендердің домбырада, сырнайда, метоллофонда, ксилофонда және басқа да түрлі музыкалық және даңғырлақ аспаптарындағы ойнауын тыңдау іскерлігіне тәрбиелеу. Даңғырақ оркестрге қатысуын талпындыру. Балалар музыкалық аспаптарын танып, атай білуге үйреті.

Музыкалық- дидактикалық ойындар балалардың музыкалық даму міндеттерін шешуге көмектеседі. Ритм сезімін қалыптастыруға, музыка қабілетін

дамытуға, қандай да болмасын дағдыны түзетуге немесе музыкалық талғамын тәрбиелейді.

Мейрам күндері- балалар үшін жан тебірентіретін ән мен күйдің, әсем бидің, көз қуантар көріністердің қызғылықты әлемі. Сондықтан да, мерекелік сәттерді әрбір сәби, әсіресе балабақша балалары асыға күтеді, өз өнерін жолдастарына және ата-аналарына көрсетуге тырысады. Мерекелік ертеңгіліктер ән салу, әуен ырғағымен би билеу, музыка аспаптарында ойнау, толғану, жеткіншіктерге татулыққа, коллективтік жауапкершілікке үйретеді. Дегенмен, ертеңгіліктің маңызы эстетикалық тәрбие құралдарының бірі ретінде тек музыка ықпалымен шектеліп қалмай, сонымен қатар өнердің бірнеше түрін үйлестіріп, бір тақырыпты шешуге бірін-бірі толықтырады.

Музыка өнерінде музыка тыңдау, ән үйрету жолдарында баланы әсемдікке әдемілікке қоршаған ортаны сүйеге тәрбиелейді.

Музыка өнері тек эстетикалық тәрбие ғана емес, оның өзге де сипаттары бар ұлттық болмыс, мазмұн, тәрбие. Мектепке дейінгі мекемелерде музыкалық тәрбие беру бала бойында белгілі бір деңгейдегі білім мен музыка мәдениетінің негізгілерін қалыптастыру. Жаңа бағдарламалар талаптарына сай мектепалды ересек топ балалары мен мектептің бірінші сынып оқушыларының оқу-тәрбие міндеттері өзара тығыз байланысты.

Халықтық педагогикалық тәрбиеге сүйене отырып, ата-аналармен бірлесе отырып, балалардың музыкалық қабілетін жетілдіріп дамыту, оларға рухани байлықпен таныстыра отырып тиімді жағдай жасау. Балалармен жеке жұмыс жолдарын жетілдіру, бағыттарын қалыптастыру.

Тәрбиешімен бірлесе отырып қызмет етуі арқылы музыкалық-эстетикалық жағынан жан-жақты дамыған, шығармашылығы мол, өзбетімен әрекет етуге даяр, түсінігі қалыптасқан, айналасын толық білетін, тәрбиелі, ибалы, кішіпейіл өнерлі бүлдіршіндер даярлау.





### **Әдебиеттер тізімі:**

1. **Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.** Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген. [www. Governmentkz](http://www.Government.kz).
2. **Э.Б. Абдулин. Е.В. Николаева Музыкалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі** – М., 2004,- 245 б.
3. **Р.К. Дүйсембинова Музыкалық білім беру педагогикасы.** Талдықорған. – 2006. – 213 б..
4. **Г.А. Праслова Мектепке дейінгі балаларға музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі.** Детство-пресс, 2005. – 129 б.